

**«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар Кеңесі
БЕКІТКЕН
«01» наурыз 2024 жылғы
№13/24 хаттамасы**

**«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАРЫЗДАРЫН
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ., 2024 ж.

МАЗМҰНЫ:

- 1 Жалпы ережелер
- 2 Сақтандыру объектісі
- 3 Сақтандыру жағдайы
- 4 Сақтандыруға жатпайтын жағдайлар және сақтандыруды шектеу. Сақтандырушының сақтандыру төлемінен босату негіздері.
- 5 Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі. Франшиза
- 6 Сақтандыру сыйлықақыларын анықтау тәртібі
- 7 Шартты жасасу тәртібі
- 8 Шарттың әрекет ету мерзімі және орны
- 9 Тараптардың құқықтары мен міндеттері
- 10 Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтандырушының әрекеттері
- 11 Сақтандыру төлемін жасау туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттар
- 12 Сақтандыру төлемін орындау тәртібі және шарты
- 13 Сақтандыру төлемін жасау немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді қабылдау мерзімі
- 14 Қосарлы сақтандыру
- 15 Суброгация және кері талап ету құқығы
- 16 Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар
- 17 Шартты тоқтату ережесі
- 18 Тараптардың жауапкершілігі
- 19 Дауларды қарау тәртібі
- 20 Қосымша ережелер

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы «Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ Заңды тұлғалардың қарыздарын ерікті сақтандыру ережелері (бұдан әрі мәтін бойынша – Ережелер) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-ІІ Заңына және Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласында оны өткізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейтін өзге нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес дайындалған.
- 1.2. Сақтандырушының құқыққа қарсы мүдделері сақтандыруға жатпайды.
- 1.3. Осы Ережелерде қолданылатын негізгі ұғымдар.

Шарт – бір тарап (сақтанушы) сыйлықақы төлеуге міндеттенетін, ал басқа тарап сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтанушыға немесе шарт пайдасына жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартпен белгіленген соманың (сақтандыру сомасының) шегінде төлеуге міндеттенетін шарт;

Қарыз шарты – бір Тарап (қарыз беруші) екінші Тарапқа (қарыз алушыға) ақшаны немесе заттарды меншікке (шаруашылық жүргізуге, жедел басқаруға) беретін, ал қарыз алушы Қарыз берушіге сол ақша сомасын немесе сол түрдегі және сападағы заттардың тең санын уақтылы қайтаруға міндеттенетін шарт;

Сақтандырушы – «Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ;

Сақтанушы – Сақтанушымен (қарыз алушымен) кредитордың алдында міндеттемелерін орындамау нәтижесінде кредиторда шығында туындаған кезде сақтандыру төлемдерін жасауды көздейтін, Сақтандырушымен Шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға. Осы Ережелерге сәйкес Сақтанушы қарыз шарты бойынша қарыз алушы деп танылады;

Сақтандырылушы – оған қатысты сақтандыру жасалатын тұлға. Осы Ережелерге сәйкес Сақтанушы бір уақытта Сақтандырылушы болып табылады, егер Шартпен өзгеше көзделмесе;

Пайда алушы – Қарыз шарты бойынша қарыз беруші (кредитор) болып табылатын, Шарт бойынша сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

Кредитор (қарыз беруші) – қарыз шарты бойынша басқа тараптың (қарыз алушының) меншігіне (шаруашылық жүргізуге, жедел басқаруға) ақша немесе текті белгілермен анықталған заттарды табыстаған, және қарыз алушыдан сол сомадағы ақшаны немесе сол текті және сол сападағы заттардың тең мөлшерін алуға құқылы тұлға;

Қарыз – Сақтанушы Пайда алушыға (қарыз берушіге) қарыз шарты бойынша белгілі күні қайтаруға тиісті ақшаның сомасы (мүліктің құны);

Сақтандыруға берілетін өтініш – Сақтанушының сақтандыру объектісі және өзге жағдайлардан басқа қарыз шартының ережелері туралы мәліметтерден, қарыз затының сомасы (құны), қарыз шарты бойынша қарыз жағдайы, қарыз шартын орындауды қамтамасыз ету бойынша келісімдердің (құжаттардың) болуы (жоқтығы) туралы деректен тұратын, тәуекел түрі сипатталған, жазбаша рәсімделген құжат;

Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған, және Сақтандырушының сақтандыру жағдайы орын алған кезде жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылатын ақша сомасы;

Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушы Сақтандырушыға Шартпен белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жасау бойынша міндеттемені соңғымен қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

Сақтандыру жағдайы – осы Ережелермен және/немесе Шартпен көзделген, орын алған кезде Сақтандырушыда Сақтанушыға немесе Шарт жасасқан өзге тұлғаға сақтандыру төлемін жасау міндеті пайда болатын, орын алған оқиға;
Сақтандыру төлемі – Сақтандырушымен Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру сомасы шегінде төленетін ақша сомасы;

Франшиза – сақтандыру ережелерімен көзделген Сақтандырушыны белгілі мөлшерден асатын залалды өтеуден босату. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болып табылады. шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ осы сомадан асатын залалды өтеуі тиіс. Шартсыз франшиза кезінде барлық жағдайда залал белгіленген сомадан шегерілгеннен кейін өтеледі;

Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету әдістері – кепіл, борышкердің мүлігін ұстап қалу, кепілгерлік, кепіл, кепілақы, кепілдік жарна және заңмен немесе шартпен көзделген басқа да әдістер.

Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - ұйым) - акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі коммерциялық емес ұйым. Ұйым “Сақтандыру қызметі туралы” Заңның және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарының негізінде сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру, бірлескен қайта сақтандыру дерекқорын қалыптастырады және жүргізеді.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Қарыздарды сақтандыру объектісі болып Сақтанушының (қарыз алушының) оның Пайда алушыға (кредиторға) Сақтанушы мен Пайда алушының арасында жасалған қарыз шарты бойынша Сақтанушымен Пайда алушының алдында шарттық міндеттемелерін орындамау нәтижесінде келтірілген шығындарын өтеу міндетіне байланысты мүлктік мүдделер болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 3.1. Осы Ережелерге сәйкес жасалған Шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру жағдайы болып Сақтанушымен Шарттың әрекет ету мерзімінде өтеу кестесімен белгіленген мерзімде қарыз шарты бойынша қарыз сомасын қайтару бойынша міндеттемелерін орындамау дерегі болып табылады.
- 3.2. Сақтандыру жағдайы Сақтанушымен қарыз сомасын (мәнін) қайтару бойынша немесе Сақтанушыдан Пайда алушының пайдасына қарыз шарты бойынша қарыз сомасын (мәнін) қайтару бойынша Сақтанушының міндеттемелерін орындамау себебі мен дерегін анықтау туралы сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап орын алған болып есептеледі.
- 3.3. Егер шартта өзгеше көзделмесе, қарыз алушы – заңды тұлғаларды сақтандыру кезінде, егер осы Ережелердің 3.1-тармағында көрсетілген оқиға келесі себептерге байланысты болса, сақтандыру жағдайы орын алды деп есептеледі:
 - 1) Сақтанушыны (заңды тұлғаны) заңды күшіне енген сот шешімі және заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен шығару туралы заң органдарының шешімі негізінде банкрот деп танылса;

- 2) Сақтанушыдан қарыз шарты бойынша қарыз сомасын (мәнін) Пайда алушымен қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету әдістерін қолдану есебінен қайтару үшін құқықтық және/немесе нақты негіздердің (мүмкіндіктердің) жоқтығы.
- 3.4. Шарт ережелерімен Сақтандырушының Шартта ерекшеліктер (шектеулер) ретінде аталған жағдайлардан басқа кез келген себептен орын алған сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған Сақтанушының шығындары үшін жауапкершілігі көзделуі мүмкін.
- 3.5. Сақтанушы Шартты жасасқан кезде жоғарыда аталған жағдайлардың барлығына, сондай-ақ жеке тәуекелдерден немесе олардың бөліктерінен (мысалы, кәсіпорын банкрот болған жағдайға және т.с.с.) сақтана алады.

4. САҚТАНДЫРУҒА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 4.1. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін жасаудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы, егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан орын алса:
 - 1) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының қажетті қорғану және шұғыл қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына немесе оның орын алуына ықпал етуге бағытталған қасақана әрекеттері;
 - 2) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының белгіленген заңдылық актілерінің тәртібінде сақтандыру жағдайына себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп, сақтандыру жағдайына себепті байланыстағы құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері.
- 4.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан орын алған жағдайда босатылады:
 - 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті ластану, химиялық немесе бактериологиялық әсер және/немесе улану әсері;
 - 2) Кез келген әскери әрекеттер, азаматтық соғыс, кез келген халық толқулары;
 - 3) террористік актілер, азаматтық немесе әскери билік өкімі бойынша мүлікті алу, тәркілеу, реквизициялар, тыйым салу, жою немесе зақымдау, мәжбүрлі ұлттандыру, төтенше немесе ерекше жағдайдың енгізілуі;
 - 4) Мемлекеттік немесе ведомстволық өкімдер, заңнаманың өзгеруі.
- 4.3. Сақтандырушы мен Сақтанушының арасындағы келісім бойынша осы Ережелердің 4.2-тармағында аталған жағдайлар сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер санына кіруі мүмкін. Бұл жағдайда осы ерекше сақтандыру жағдайлары Шартта көрсетілуі тиіс.
- 4.4. Сақтандырушы сол сияқты сақтандыру жағдайы жалған немесе қасақана орындалған банкроттығы нәтижесінде орын алған кезде сақтандыру төлемін орындаудан босатылады;
- 4.5. Сақтандыру қорғанысымен Сақтанушының (Пайда алушының) және онымен еңбек/шарттық қатынаста тұрған тұлғалардың қасақана ойы немесе өрескел абайсыздығынан туындаған шығындар өтелмейді. «Өрескел абайсыздық» деп қызметтің нақты түрлерін жүргізу тәртібі мен ережелерін анықтайтын лауазымды нұсқаулықтардың, ережелер мен басқа нормативтік актілердің талаптарын бұзуды айтады. Қасақана зиян тигізу деп шығынның орын алу мүмкіндігі ықтималдығы жеткілікті жоғары дәрежеде күтілетін, және осы

әрекеттер үшін жауапты тұлғамен қасақана жасалатын әрекетт немесе әрекетсіздік болып табылады.

4.6. Шартта өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы Шарт бойынша келесілерге жауапты болмайды:

- 1) Шартпен көзделген өтеу көлемінен және сомасынан жоғары залалды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 2) Сақтандыру аумағынан тыс келтірілген зиянды өтеу туралы талап;
- 3) Моральдік залал және жоғалтқан пайда;
- 4) сақтандыру жағдайына және оны кез келген уәкілетті органдарда дәлелдеуге байланысты істерді жүргізгені үшін шығыстар (мемлекеттік баждар, нотариаттық куәландыру, сараптама, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметтеріне ақы төлеу);
- 5) егер шығындарға арналған бұл шығыстар сақтандырушының өтеуіне жататын залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында жүзеге асырылса, сот, сараптама шығындарын қоспағанда;
- 6) Айыппұлдар, өсімақылар және (немесе) кез келген басқа әкімшілік өтеулер мен санкциялар.

4.7. Сақтандырушының сақтандыру төлемін орындаудан бас тарту негізіне келесілер жатады:

- 1) Сақтанушымен Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;
- 2) Сақтанушымен сақтандыру жағдайының шығындарын азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамауы;
- 3) Сақтанушымен кепіл мәні болып табылатын мүліктің жойылуына (толық опат болуына) байланысты шығынды келтіру үшін кінәлі тұлғадан немесе мүліктік сақтандырудың басқа шарттарынан шығынға сәйкес өтемақы алуы;
- 4) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу мән-жайын зерттеуге және онымен келтірілген шығынның мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
- 5) Осы Ережелердің 9.4 т. 7 тармақшасымен, 10.1 т. 3 тармақшасымен және Шарттың сәйкес тармақтарымен көзделген мерзімде сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайының орын алуына келтіруі мүмкін оқиға) орын алғаны туралы Сақтандырушыға хабарламау/уақытылы хабарламау;
- 6) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының орын алғаны үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сонымен қатар сақтандырушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі жасалынған болса, сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуі;
- 7) Егер сақтандыру жағдайы орын алғанда Шарт күшіне енбесе немесе күшін жойса;
- 8) Егер сақтандыру жағдайын туғызған оқиғалардың себептері құзыретті органдарда құжат жүзінде бекітілмесе;
- 9) Сақтанушы және/немесе Пайда алушы осы Ережелерде және Шартта айтылған жағдайларды және шектеулерді сақтамаса.

4.8. Шарт ережелерімен сақтандыру төлемінен бас тарту үшін басқа негіздер көзделуі мүмкін, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе.

- 4.9. Сақтандырушыны осы Ережелерде көзделген дәлелдер бойынша Сақтанушыға сақтандыру төлемін жасаудан босату бір уақытта Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасаудан босатады.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

- 5.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Шартта тараптардың келісуі бойынша көрсетіледі. Шарт бойынша Сақтандыру сомасы Сақтанушының Пайда алушы алдында қайтарым бойынша міндеттемелерін ақшалай бағалаумен есептеледі:
- а) Шарт жасасқан кезде қарыз шарты бойынша қарыз сомасы, егер қарыз ақшалай берілсе;
 - б) Шартты жасасу кезінде қарыз шарты бойынша берілген заттардың (мүліктің) нарықтық құны, егер қарыз заттай (мүліктей) берілсе.
- 5.2. Сақтандыру сомасы Сақтандырушының Шарт бойынша жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылады. Әр сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің шекті мөлшері (жауапкершіліктің шекті көлемі) Шартта аталған сақтандыру сомасынан аспайды.
- 5.3. Шарт бойынша Сақтандыру сомасы Сақтандырушымен Сақтанушының Пайда алушының алдында қарыз шарты, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: қарыз шарты, қарыз затын (төлем тапсырмасы, қабылдау-тапсыру актісі және т.с.с.) табыстауды растаушы құжат және басқа құжаттар бойынша міндеттемелерін ақшалай бағалауға мүмкіндік беретін құжаттар негізінде белгіленеді.
- Кез келген жағдайда Шарт бойынша сақтандыру сомасы Шартты жасасу кезінде Сақтанушының Пайда алушы (кредитор) алдында қарыз шарты бойынша міндеттемелерінің ақшалай бағасынан аса алмайды.
- 5.4. Шарт ережелері бойынша сақтандыру сомасы негізгі қарыз сомасынан басқа сыйлықақыдан (қарызды қолдану үшін пайыздан) тұруы мүмкін, бұл ретте аталған шарт Шартта тікелей көрсетілуі тиіс.
- 5.5. Шарттарды жасасқан кезде франшиза белгіленеді. Франшиза тараптардың келісімімен сақтандыру сомасына пайыз ретінде, немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді. Франшизаның түрі мен мөлшері Шартта көрсетіледі.
- 5.6. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген сомасынан аспайтын залал үшін жауапкершіліктен босатылады және егер оның сомасы франшизадан артық болса, залалды толық өтеуге тиіс. Шартсыз франшиза кезінде егер залал франшизаның белгіленген мөлшерінен аспаса, онда төлем жүргізілмейді, артық болған жағдайда залал белгіленген франшиза шегеріле отырып өтеледі

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Шартта көрсетілетін сақтандыру объектісінің сипаттамалары негізінде: қарыз сомасының мөлшері, қарыз берілген мерзім және Шарттың әрекет ету мерзімі, сақтандыру сомасы және сақтандыру мерзімі негізінде анықталады. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу ұлттық валютада – Қазақстан Республикасының теңгесімен орындалады. Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік валютада есептеу жағдайлары, тәртібі және ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.

- 6.2. Шартпен жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді. Шартпен әр объект бойынша және әр сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы, сақтандыру сомасына және сақтандыру тарифіне қарай анықталады.
- 6.3. Сақтандырушы төлеуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтаған кезде тәуекел факторларына байланысты анықталатын базалық сақтандыру тарифтеріне қолданылатын жоғарылататын және төмендететін коэффициенттерді қолдануға құқылы.
- 6.4. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушымен бір уақытта немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеу арқылы, қолма қол ақшалай түрінде немесе қолма қол ақшасыз түрінде төлеуге жатады.
- 6.5. Шартпен белгіленген Сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлемеу Шарттың әрекетін және Шарт бойынша сақтандыру қорғанысын (тараптарға хабарлама берусіз) автоматты тоқтатады, егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе. Шарттың әрекеті және Шарт бойынша сақтандыру қорғанысының әрекеті сақтандыру сыйлықақысы (кезекті сақтандыру жарнасы) орындалуы тиіс күннен кейінгі күннен бастап тоқтатылады. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының төленген бөлігі Сақтанушыға қайтарылмайды. Сақтандыру жағдайларының белгілері бар оқиғалар, және/немесе Шарттың әрекеті және Шарт бойынша сақтандыру қорғанысы тоқтатылған кезде орын алған сақтандыру жағдайын болдыруы мүмкін оқиғалар сақтандыру жағдайы деп танылмайды, және олар бойынша сақтандыру төлемі жасалмайды.
- 6.6. Сақтандыру сыйлықақысын төлеуді немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді 30 (отыз) күнтізбелік күннен артық мерзімге кешіктіру Шартты автоматты бұзуға келтіреді (тараптарға хабарлама берусіз), егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе. Сақтандыру сыйлықақысының төлемі (кезекті сақтандыру жарнасы) жасауды тиіс күннен кейінгі күннен бастап 30 (отыз) күн өткеннен кейін Шарт бұзылды деп есептеледі. Бұл ретте Сақтанушымен сақтандыру сыйлықақысының төленген бөлігі қайтарылмайды.
- 6.7. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеу кезінде кезекті сақтандыру жарнасы төленгенге дейін орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын есептеуге құқылы.

7. ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Шарт жазбаша түрде тараптармен Шарт құрастыру және/немесе Сақтанушыны осы Ережелерге қосу, және Сақтандырушымен Сақтанушыға сақтандыру полисін беру жолымен жасалады.
- 7.2. Келесі тұлғалар Шарт субъектілері болып табылады: Сақтандырушы, Сақтанушы, Сақтандырылушы және Пайда алушы.
- 7.3. Шарт сақтандырушымен белгіленген нысанда, Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын сақтанушының өтініші негізінде жасалады.
- 7.4. Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызметімен танысуға құқылы, сонымен қатар Сақтанушыдан тәуекел дәрежесін бағалау үшін айтарлықтай маңызы бар құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы, соның ішінде:
 - 1) Қарыз алушының кредитор алдында қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындамауға байланысты туындаған шығындар үшін жауапкершіліктің пайда болатын тәуекел сақтандырылуы тиіс қарыз шартының көшірмесі немесе шарт жасалып отырған қарыз шартының сипаты мен мерзімі туралы деректер, қарыз шартының күні;

- 2) Сақтанушының (қарыз алушының) қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету туралы шарттардың (өтініштердің) көшірмелері;
- 3) Сақтанушының, заңды тұлғаның және жеке кәсіпкердің Сақтанушының құқықтық мәртебесін анықтауға мүмкіндік беретін құрылтай және басқа құжаттар (құжаттардың көшірмелері) (жарғы, статистикалық карта, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, жеке кәсіпкер куәлігі және т.с.с.);
- 4) Сақтанушының (Сақтандырылушының) қаржылық жағдайын көрсететін құжаттар: бухгалтерлік теңгерім, жылдық және аудиторлық есеп және т.б.,
Қажет болғанда Сақтандырушымен тәуекел дәрежесін бағалау үшін айтарлықтай маңызды болуы мүмкін өзге құжаттар талап етілуі мүмкін.
Шарт жасасқаннан кейін жоғарыда аталған құжаттар Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады.

- 7.5. Сақтандырушы Сақтанушымен Шарт жасасудан себебін түсіндірусіз бас тартуға құқылы.
- 7.6. Шарт жасасқан кезде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығын және оның орын алуынан мүмкін болатын шығындар мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) анықтау үшін маңызы бар барлық белгілі жағдайлар туралы хабарлауға міндетті. Сақтанушы онымен берілген деректердің дұрыстығы үшін жауапкершілік артады.
- 7.7. Шартты жасасқаннан кейін Сақтанушының тәуекел дәрежесін арттыратын әрекеттер қабылдауға құқығы жоқ.
- 7.8. Шарттың әрекет ету мерзімінде Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға Шартты жасасқан кезде хабарлаған жағдайлардың белгілі болған өзгерістері туралы шұғыл хабарлауға міндетті, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелін арттыруға айтарлықтай әсер етсе.
- 7.9. Барлық жағдайда да Шартта және Сақтанушыға берілген осы Ережелердің көшірмесінде аталған өзгерістер маңызды деп танылады. Сақтанушы Сақтандырушыға осы залал өтеуге жататынына не жатпайтынына қарамастан қажетті ақпаратты хабарлауға міндетті.
- 7.10. Сақтандыру тәуекелін арттыратын мән-жайлар туралы хабар алған Сақтандырушы Шарт ережелеріне өзгерістер енгізуге немесе осы артуға тең қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) Шарт ережелеріне өзгеріс енгізуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы осы Ережелерде көзделген тәртіпте Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.
- 7.11. Кез келген, егер тәуекел дәрежесін арттыратын мән-жайлар жойылған болса, жағдайда Сақтандырушы Шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.
- 7.12. Сақтандырушы Шарттың әрекет ету мерзімінде Сақтанушының хабарлаған деректерін тексеруге, сонымен қатар сақтандыру тәуекелінің жағдайын тексеруге құқылы.
- 7.13. Шартта көрсетуге жататын ережелердің толық болмауы үшін жауапкершілікті Сақтандырушы артады. Шарт бойынша оның жеке ережелерін толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.
- 7.14. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе, Шарт жойылған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша мәлімдемесі негізінде Шарттың телнұсқасын береді, содан кейін жойылған шарт жарамсыз болып табылады және ол бойынша төлемдер жасалмайды. Шарт әрекет еткен кезде қайталап жойылған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыдан Шарттың телнұсқасын дайындау құнының мөлшеріндегі ақша сомасын өтейді.

8. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 8.1. Егер Шартпен өзгеше көзделмесе, Шарт Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезде, ал оны бөліп төлеген жағдайда – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енген және тараптар үшін міндетті болып табылады.
- 8.2. Шарт кез келген мерзімге жасалады. Сақтандыру қорғанысы әрекет ететін мерзімі Шарттың әрекет ету мерзімімен бірдей болады, егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе.
- 8.3. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру қорғанысы Сақтанушы Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына сақтандыру сыйлықақысын төлеген, ал оны бөліп төлеген жағдайда – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген күннен кейінгі күннің 00 сағатынан басталады.
- 8.4. Сақтандырушы Сақтанушыға Шарт бойынша сақтандыру қорғанысының әрекет етуі басталған кезге дейін орын алған сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалды өтемейді.
- 8.5. Сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімі Шартта аталған мерзімде аяқталады.
- 8.6. Сақтандыру аумағы Қазақстан Республикасының аумағымен бірдей, егер сақтандыру объектісінің сипатынан өзге туындамаса және Шартта өзге жағдай көзделмесе.
- 8.7. 1 (бір) жылдан асатын мерзімге сақтандырған жағдайда Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасы әр жыл үшін сақтандыру сыйлықақысының сомасы ретінде белгіленеді.
- 8.8. Егер Шартпен өзге айтылмаса, онда тараптардың келісімімен Шарт тараптардың бірі Шартты тоқтату күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабарлаған жағдайда келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін. 00 сағатында
- 8.9. Егер Шартпен өзге айтылмаса, Шарттың әрекет ету мерзімінің аяқталу күні ретінде аталған немесе Сақтандырушымен Шарт бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру төлемдері) жасалған күннің 00:00 сағатынан бастап Шарт өзінің әрекет етуін тоқтатады.
- 8.10. Шарт бірінші орын алған жағдай бойынша сақтандыру төлемін жасаған кезден бастап өзінің әрекетін тоқтатады, егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушы (Сақтандырылушы) ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сонымен қатар Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) Шарт талаптары мен ережелерін орындауын тексеруге;
- 2) сақтандыру жағдайын зерттеуге қатысуға;
- 3) сақтандыру жағдайы орын алған себептер мен мән-жайларды өздігінен анықтауға, соның ішінде құзырлы органдарға сұрату жасауға;
- 4) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының дерегін, оның пайда болу мән-жайын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
- 5) Ережелермен және/немесе Шартпен көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара орындаудан бас тартуға;
- 6) Кез келген уақытта сақтандыру тәуекелін арттыруға ықпал ететін жағдайлардың болуын тексеруге және инспекциялауға;
- 7) Сақтанушы (Сақтандырылушы) Шарт ережелерін бұзған жағдайда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;

- 8) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс қимыл туралы заңнаманы орындау мақсатында Шарт аясындағы ақшамен және (немесе) мүлікпен жүргізілетін операцияларды тоқтатуға\ бас тартуға.
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа құқықтарға ие болуға.

9.2. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны осы Ережелермен таныстыруға және оның талабымен осы Ережелердің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);
- 2) Сақтандыру жағдайы орын алғанда Шартпен және/немесе осы Ережелермен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жасауға;
- 3) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) онымен сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін жасаған шығындарын өтеуге;
- 4) Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (Пайда алушы) немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін орындау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, құжаттардың жетіспеу дерегі анықталған кезден бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға;
- 6) Осы Ережелерде немесе Шартта және Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамада көзделген басқа да әрекеттер жасауға.

9.3. Сақтанушы құқылы:

- 2) Сақтандырушыдан осы Ережелер және Шарт бойынша сақтандыру жағдайларын, өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 3) Шартпен көзделген тәртіпке және ережелерге сәйкес сақтандыру төлемін уақытылы жасауға;
- 4) Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 5) Сақтандыру сыйлықақысының өзгеруіне мөлшерлес сақтандыру төуекелін өзгертуге;
- 6) Сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін орындаудан бас тартуына шағым жасауға;
- 7) Сақтандыру құпиясына;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтар.

9.4. Сақтанушы міндетті:

- 1) Шарт жасасқан кезде Сақтандырушыға сақтандыру төуекелін бағалау және Сақтандырушымен Шарт жасасу туралы шешімді қабылдау үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 2) Сақтандырушыға Шартта аталған сақтандыру объектісіне қатысты басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалып жатқан сақтандыру шарттары туралы жазбаша хабарлауға;
- 3) Шартпен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 4) Шарттың әрекет ету мерзімінде сақтандыру төуекелінің жағдайы туралы Сақтандырушыға шұғыл түрде ақпарат беруге;
- 5) Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болмаса және Шарт Сақтандырылушыға белгілі міндеттерді жүктесе, Сақтандырылушыдан Шарт жасасуға келісім алуға;

- 6) Шарттың ережелерін орындауға (Сақтандырылушының сақтандыру шартының ережелерін бұзуы Сақтанушының өзімен шарт ережелерін бұзу деп есептеледі);
 - 7) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы және/немесе сақтандыру жағдайының орын алуына келтіруі мүмкін оқиға орын алғаны туралы күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей жазбаша хабарлауға;
 - 8) Сақтандыру жағдайынан болған шығындардың алдын алу немесе азайту бойынша шаралар қабылдауға;
 - 9) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себебі, барысы және салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пікір білдіруге мүмкіндік беретін ондағы бар ақпаратты ұсынуға;
 - 10) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алғаны үшін жауапты тұлғадан талап ету құқығының ауысуын қамтамасыз етуге;
 - 11) қарыз шарты бойынша берешекті өндіріп алу және реттеу жөніндегі барлық іс-әрекеттерді сақтандырушымен жазбаша түрде келісуге
 - 12) Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасындағы талаптарды орындау үшін қажетті барлық сұралған құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
 - 13) Осы Ережелермен немесе Шартпен және Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамамен көзделген басқа әрекеттерді жасауға.
- 9.5. Тараптардың құқықтар мен міндеттер тізімі таусылған болып табылмайды, тараптардың жеке құқықтары мен міндеттері осы Ережелердің басқа тармақтарымен көзделген, Шартта/сақтандыру полисінде толықтырылуы/кеңейтілуі/өзгертілуі мүмкін.
- 9.6. Сақтанушының осы Ережелерде және Шартта аталған міндеттері Сақтандырылушыға бірдей шамада таралады. Сақтандырылушының осы міндеттемелерді орындамау Сақтанушымен оларды орындамағаны үшін сол салдарға әкеледі.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ОРЫН АЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӨРЕКЕТТЕРІ

- 10.1. Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алғаны туралы белгілі болғаннан кейін/белгілі болуы тиіс жағдайда, міндетті:
- 1) Сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға, соның ішінде кепіл заты болып табылатын мүлікті аман алып қалу мен сақтау бойынша шаралар;
 - 2) Шұғыл, бірақ 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей Сақтандырушыға осы туарлы жазбаша хабарлауға (демалыс және мереке күндерін санамағанда). Егер Сақтанушының дәлелді себептермен сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы белгілі мерзімде хабарлауға мүмкіндігі болмаса, Сақтанушы оны құжаттай растауы тиіс;
 - 3) Болған оқиға туралы шұғыл хабарлауға және шағымдар жасау үшін себеп болуы мүмкін оқиғаны қарау құзыреті кіретін құзыретті органдар мен ұйымдарда оқиғаны құжаттай бекітуге;
 - 4) Сақтандырушының өкіліне шығындарды азайту бойынша шараларға кедергісіз қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
 - 5) Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының орын алу себептері мен мән-жайын анықтауда әрекет етуге, соның ішінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдары, келтірілген

- шығынның сипаты мен мөлшерін анықтауға мүмкіндік беретін барлық білетін ақпаратты және құжатты ұсынуға;
- 6) Сақтандырушыға шұғыл жазбаша түрде Пайда алушымен үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген шығындарды қандай да бір өтеу (өтемақы) алуы туралы хабарлауға және Сақтандырушыға сақтандыру төлемінің шегінде алынған өтемақыны табыстауға, егер осы кезде сақтандыру төлемі Пайда алушыға жасалған болса;
 - 7) Егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының орын алуына байланысты Сақтандырушы ретінде, сондай-ақ Сақтанушы ретінде мүддесін қорғау үшін өз өкілі ретінде тағайындау қажет деп санаса – Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға осындай мүддені қорғау үшін сенімхат немесе өзге қажетті құжаттар беруге. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алуына байланысты сотта Сақтанушының мүддесін қорғауға немесе басқа түрде Сақтанушыға құқықтық қорғаныс жасауға құқылы, бірақ міндетті емес.
 - 8) Дауды сот тәртібімен реттеу кезінде Сақтандырушыға сот шешім қабылдағанға дейін өздігінен талап жасамайтын үшінші тұлға ретінде іске қатысу құқығына кедергі келтірмеуге, сонымен қатар сот алдында Сақтандырушыны сот ісіне өздігінен талап жасамайтын үшінші тұлға ретінде қатыстыру туралы өтінішхат беруге;
 - 9) Сот талқысына дейін, және сот талқысы барысында Сақтандырушының мүддесіне қарсы қандай да бір әрекеттер жасамауға, сақтандыру объектісіне қатысты қаралып жатқан істің мәнісі бойынша ешқандай мәлімдемелер жасамауға, сонымен қатар қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстар қабылдамауға және Сақтандырушының жазбаша келісімісіз осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

- 11.1.** Сақтандыру төлемі туралы мәселені қарау үшін Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының түріне байланысты сақтандыру төлемін жасау туралы өтініш пен келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:
- 1) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы мәлімдеме;
 - 2) Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамаға және Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес клиентке тиісті тексеру жүргізуге мүмкіндік беретін құжаттың көшірмесі;
 - 3) Шарттың көшірмесі;
 - 4) Қарыз шартының көшірмесін, оларға жасалған барлық қосымшалармен,
 - 5) Қарыз алушының қарыз шарты бойынша қарызы (негізгі қарыз) туралы кредиторлармен сақтандыру жағдайы орын алған күнге берген анықтамасы;
 - 6) Пайда алушының Сақтанушыға жасаған жазбаша шағымы және Сақтанушы мен Пайда алушының арасында қарыз шарты бойынша қарызды өтеу мәселесі жөніндегі хат алмасуы;
 - 7) Сақтандыру жағдайының орын алу мән-жайын және оның орын алу себептерін белгілеуге мүмкіндік беретін, құзыретті органдардың құрастырған құжаттары;
 - 8) Қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету бойынша шарттардың (құжаттардың) көшірмелері (бар болса);

- 9) Шарт бойынша Сақтанушы ретінде, немесе Сақтанушы (қарыз алушы) үшін жұмыс беруші – жеке тұлға ретінде әрекет ететін заңды тұлғаны заңды күшіне енген, банкрот деп тану туралы соттың шешімі және әділет органдарының заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен шығару туралы шешімі;
- 10) Сақтандыру жағдайының орын алғанын және сақтандыру жағдайының орын алуы нәтижесінде келтірілген шығындардың мөлшерін растайтын, заңды күшіне енген сот актісі;
- 11) Сақтандырушының келтірілген шығын үшін жауапты тұлғаға кері талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар;
- 12) Егер сақтандыру жағдайының дерегі бойынша қылмыстық процесті жүргізетін органдармен (бұдан әрі – органдар) қылмыстық істі қозғау туралы мәселе қаралған болса Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) қылмыстық істі қозғау, қозғаудан бас тарту, уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмелерін сұратуға, немесе өздігінен органдарға сәйкес сұрату жіберуге құқылы;
- 13) Сақтандыру жағдайы орын алғанда шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында жасалған шығындарды растаушы құжаттар – бар болса.

Құжаттардың нақты тізбесі Сақтандыру шартымен айқындалады

- 11.2. Сақтандыру төлемін орындауды талап еткен кезде Сақтанушы/Пайда алушы/Сақтандырылушы Сақтандыру жағдайының орын алу дерегі/Шығынның мөлшерін құжаттай дәлелдеуге міндетті:.
- 11.3. Ұсынылған құжаттарды құрастыру тәртібі мен түрі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес болуы тиіс, егер олар үшін бұл көзделген болса. Егер Шартпен өзге көзделмеген болса, құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқа түрінде немесе нотариус куәландырған немесе құзыретті ұйымның уәкілетті тұлғасы қол қойған және түпнұсқалы мөрмен куәландырылған көшірмелер түрінде ұсынылады.
- 11.4. Орын алған оқиға туралы толығырақ ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы оқиғаның орын алу жағдайлары туралы ақпаратқа ие құзыретті органдардан (ішкі істер органдарынан, өртке қарсы қадағалаудан, апаттық-техникалық қызметтерден, газ торабының абаттық қызметтерінен), кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан мәліметтерді сұратуға, сонымен қатар оның пайда болу себептері мен мән-жайын өздігінен анықтауға құқылы.
- 11.5. Оқиғаның орын алу себебін және шығынның мөлшерін анықтау бойынша жұмыс Сақтандырушының тапсырмасымен тәуелсіз сарапшылармен, бағалаушылармен, апаттық комиссарлармен және/немесе аджастерлермен орындалуы мүмкін.
- 11.6. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізімін және оларды қабылдаған күнді көрсетіп, анықтама беруге міндетті.
- 11.7. Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғамен осы Ережелермен көзделген барлық құжаттар ұсынылмаған жағдайда Сақтандырушы 3 (үш) жұмыс күн ішінде жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 12.1. Сақтанушыдан/Сақтандырылушыдан/Пайда алушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы жазбаша

мәлімдеме алғаннан кейін, сонымен қатар толық құжаттар тізімін алғаннан кейін Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы мәселені қарастырады.

- 12.2. Сақтандыру жағдайларын қарау тәртібі Сақтандырушы, Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) мен дерекқорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арасында электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы жазбаша нысанда да, электрондық нысанда да жүзеге асырылады.
- 12.3. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) арасындағы электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
- 12.4. Сақтандырушы аталған оқиғаны Шарт бойынша сақтандыру жағдайы деп таныған жағдайда Пайда алушының пайдасына Шартпен негізделген сақтандыру төлемін жасайды.
- 12.5. Егер зиян Шарттың әрекет ету мерзімінде келтірілсе және Шарт бойынша сақтандыру жағдайы болып табылатын тәуекелмен себепті байланыста болса Шартпен көзделген төлем жасалады.
- 12.6. Сақтандыру төлемі Пайда алушыға қарыз шартының ережелеріне сай қарыз сомасын өтеу бойынша кезекті төлем сомасы мөлшерінде, немесе сақтандыру жағдайы орын алған күндегі қарыз шарты бойынша Сақтанушының қарыз сомасын төлейді. Егер бұл Шарт ережелерімен көзделсе, сақтандыру төлемінің мөлшеріне Сақтанушымен төленбеген сыйақы (қарызды пайдаланғаны үшін пайыз) сомасы кіреді.
- 12.7. Шарт бойынша төлемдердің жалпы сомасы сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Сақтандыру төлемі бір реттік төлеммен жасалады.
- 12.8. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) шығындардың өтемін үшінші тұлғалардан алған болса, Сақтандырушы сақтандыру ережелері бойынша төлеуге жататын сома мен үшінші тұлғалардан алынған сома арасындағы айырманың мөлшеріндегі жауапкершілікті артады.
- 12.9. Сақтанушымен Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Пайда алушыға келтірілген зиянды өтеу мақсатында келешектегі сақтандыру төлемдерінің есебінде жасалған төлемдер Сақтандырушымен танылмайды.
- 12.10. Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру төлемінің алған сомасын қайтарып беруге міндетті, егер заңмен белгіленген талап ету мерзімі ішінде Сақтанушыны (Пайда алушыны) сақтандыру төлемін алу құқығынан айыратын жағдай анықталса.
- 12.11. Сақтандыру жағдайының орын алғанына байланысты болған зиянды азайту немесе алдын алу бойынша шығындар Сақтандырушымен өтеуге жатады, егер мұндай шығындар қажет болса немесе сәйкес шаралар сәтсіз болған жағдайда да, Сақтандырушының тапсырмаларын орындау үшін жасалған болса. Бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығындарды өтеудің жалпы сомасы Шартпен белгіленген сақтандыру сомасымен аспауы тиіс. Шығындары пайда болған тұлғаға аталған шығындар Сақтандырушымен өтеледі.

13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТARTУ ТУРАЛЫ ШЕШІМДІ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

- 13.1 Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растау үшін ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Сақтандырушы мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асырады:

- 1) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
 - 2) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады
 - 3) сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.
- 13.2** Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе осы Ережелерде көрсетілген шарттарда тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.
- 13.3** Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі, егер ұсынылған құжаттардан болған оқиғаның мән-жайын, осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындауын анықтау мүмкін болмаған жағдайда қабылданады.
- 13.4** Өз кезегінде Сақтандырушының шешімінде көрсетілген мән-жайларды анықтау мүмкін еместігі Сақтандырушыға Сақтандыру ережелерінің нормаларын, Сақтандыру шартының талаптарын/осы Ережелерге қосымшаларды ескере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру не жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді.
- 13.5** Бұл жағдайда Сақтандырушы өз шешімінде болған оқиғаның нақты қандай мән-жайларын және/немесе осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындау фактілерін белгілеуге болмайды және Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) қандай іс-әрекеттер жасауы тиіс екенін көрсетуге тиіс.
- 13.6** Сақтандыру төлемін жасау туралы немесе сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім Сақтандырушымен сақтандыру жағдайының орын алғанын, оның орын алу себептері және Шартта өзге жағдай көзделмесе алушының сақтандыру төлеміне құқығын растаушы құжаттардың толық тізімі ұсынылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күннен кешіктірмей қабылданады. Бұл ретте шешімді қабылдау мерзімі мәлімденген сақтандыру оқиғасы бойынша қосымша құжаттарды және/немесе деректерді алу қажеттілігі болғанда тоқтатылуы мүмкін; мәлімденген сақтандыру жағдайы туралы ақпаратты білетін басқа ұйымдарға жүгіну қажет болғанда; сонымен қатар қылмыстық жолмен алынған табысты заңдастыруға (жылыстатуға), және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсатында тоқтатылуы мүмкін.
- 13.7** Егер тиісті құзыретті органдар сот шешімі (үкімі, қаулысы) немесе тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы өзге құжат заңды күшіне енгенге дейін және оны сақтандырушыға ұсынғанға дейін қылмыстық іс қозғаған немесе сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан мән-жайларды тергеп-тексеру басталған жағдайда Сақтандырушы бұл туралы өтініш берушіні жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімінің өтуін тоқтата тұруға құқылы.
- 13.8** Сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Сақтандырушы ол туралы Сақтанушыға/Пайда алушыға жазбаша түрде Шартта өзге жағдай көзделмесе, Сақтанушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап (жиырма) жұмыс күн ішінде себептерді дәлелді негіздеумен хабарлайды.

14. ҚОСАРЛЫ САҚТАНДЫРУ

- 14.1. Қосарлы (көптік) сақтандыру – бір объектіні бірнеше Сақтандырушыда әрқайсысымен өзіндік шарт бойынша сақтандыру.
- 14.2. Қосарлы сақтандыру кезінде әр Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасалған Шарт аясында жауапкершілікте болады, алайда Сақтанушымен барлық сақтандырушыдан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты шығыннан аспауы тиіс. Бұл ретте Сақтанушы кез келген Сақтандырушыдан жасасқан Шартпен көзделген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты шығынды жаппаса Сақтанушы жетпейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.
- 14.3. Келтірілген шығын басқа сақтандырушылармен өтелгендіктен Сақтандыру төлемін жасаудан толық немесе ішінара босатылған Сақтандырушы Сақтанушыға жасалған шығындары шегерілген сақтандыру сыйлықақыларының сәйкес бөлігін қайтаруға міндетті.
- 14.4. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қосарланған сақтандыру кезінде сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандырушыға өзге сақтандырушыларда сақтандыру төлемі туралы мәселені реттеуге қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге сақтандырушылардан алынған сақтандыру төлемінің мөлшері туралы мәліметтерді беруге міндетті.

15. СУБРОГАЦИЯ ЖӘНЕ КЕРІ ТАЛАП ЕТУ ҚҰҚЫҒЫ

- 15.1. Сақтандыру төлемін жасайтын Сақтандырушыға Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру нәтижесінде өтелген шығындар үшін жауапты тұлғадан талап етуге құқығы төленген сома мөлшерінде ауысады.
- 15.2. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдерді табыстауға және Сақтандырушымен оған ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 15.3. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушы өтеген, шығындар үшін жауапты тұлғадан өтеуді талап ету құқығынан бас тартса, немесе осы құқықты орындау Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсінен мүмкін болмай қалғанда Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе сәйкес бөлікте жасаудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.
- 15.4. Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезден бастап есептелетін талап қоюдың ескіру мерзімінің ішінде сақтанушыны (пайда алушыны) сақтандыру төлемін алу құқығынан айыратын мән-жай анықталса, сондай-ақ егер көрсетілген мерзім ішінде сақтандыру жағдайы сақтандыру төлемін алу нәтижесінде орын алғаны белгілі болса, сақтандырушы сақтанушыға кері талап қоюға құқылы болады:
 - 1) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
 - 2) сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері.

16. ШАРТТАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

- 16.1.** Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тараптардың өзара келісімімен, Тараптардың бірімен жазбаша мәлімдеме (хабарлама) беру негізінде жасалады.
- 16.2** Шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары:
- сақтандыру объектісін өзгерту;
 - сақтандыру шартын жасасу кезінде берілген мәліметтерді өзгерту;
 - сақтандыру қорғаудың қолданылу мерзімін өзгерту
 - Қазақстану қорғаудың қолданылу мерзімін өзес өзге де жағдайлар.
- 16.3** Тараптардың бірі мәлімдеме алған кезден бастап шешім қабылдау кезіне дейін Шарт бұрынғы ережелерге сәйкес әрекет етеді.
- 16.4** Шартқа жасалатын өзгерістер мен толықтырулар Шартқа қосымша келісім жасау және оған қол қою жолымен рәсімделеді.
- 16.5** Шартқа жасалатын барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша түрде рәсімделгенде және екі Тараптың да уәкілетті өкілдері қосымша келісімге қол қойған кезде заңдылық күшке ие болады.

17. ШАРТТЫ ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 17.1.** Міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген Шартты мерзімінен бұрын тоқтату негіздерден басқа кезде Шарт келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
- 1) Сақтандырушы бірінші орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жасаса. Егер бұл Шартта тура айтылса, ол Сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) Шарт бойынша сақтандыру сомасының мөлшеріне сәйкес жасаған кезде өз әрекетін тоқтатады;
 - 2) Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда кезекті сақтандыру жарнасын төлемегенде;
 - 3) Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталса;
 - 4) Сақтанушының бастамасымен Шарттан бас тартылса;
 - 5) Сақтандырушының бастамасымен Шарттан бас тартылса;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе шартпен белгіленген жағдайларда.
- 17.2.** Аталған жағдайларда шартты тоқтату үшін негіз ретінде көзделген жағдай туындаған кезден бастап Шарт тоқтатылған болып есептеледі, ол туралы мүдделі тарап басқасына шұғыл түрде хабарлауы тиіс. Сақтанушы 17.1 тармақта көзделген бұзу негіздері бойынша растаушы құжаттарды ұсынуға міндетті.
- 17.3.** Осы Ережелердің 17.1-тармағының 1)-4) тармақшаларында аталған негіздер бойынша Шартты тоқтатқан жағдайда Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатады, егер Шартта өзгеше көзделмесе.
- 17.4.** Осы Ережелердің 17.1-тармағының 5)-6) тармақшаларында аталған негіздер бойынша Шартты тоқтатқан жағдайда Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатады: мөлшері жалпы сақтандыру сыйлықақы сомасының 30 (отыз) % құрайтын істі жүргізуге жұмсалған шығындарды шегерумен, сақтандырудың өтпеген мерзімі үшін қалған сақтандыру сыйлықақысының бөлігі, Шартқа қосымша келісімді жасаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Шартпен басқа жағдай көзделмесе. Шартпен шартты тоқтатудың өзге тәртібі, мерзімі мен ережелері белгіленуі мүмкін.

- 17.5.** Шартты мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушы кінәсінен ережелерді орындамаумен туындаса соңғы аталған Сақтанушыға онымен төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

18. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 18.1.** Сақтандыру төлемін уақытылы жасамаған жағдайда Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабымен белгіленген тәртіпте және мөлшерде Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 18.2.** Шарт бойынша міндеттемені орындамаған немесе тиісті орындамаған Тарап міндеттемелерді орындамағаны/тиісті орындамағаны үшін мүліктік жауапкершілік артпайды, егер тиісті орындау еңсерілмейтін күш жағдайының, яғни төтенше және еңсерілмейтін күш мән-жайлары салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе.
- 18.3.** Еңсерілмейтін күш мән-жайлары келесілерден тұрады, бірақ олармен шектелмейді: табиғи апаттар (су тасқыны, жер сілкінісі, топырақтың шөгуі, көшкін, таудың құлауы, тастың құлауы, көшкін жүруі, нөсерлі ағындардың көшуі), соғыстар немесе кез келген сипаттағы әскери әрекеттер, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымы. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының нақты тізімі Шартта қарастырылуы мүмкін.
- 18.4.** Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекетіне тап болған тарап осындай жағдайлардың орын алғаны туралы басқа тарапқа 3 (үш) жұмыс күн ішінде хабарлауға міндетті, егер Шартта өзгеше көзделмесе.
- 18.5.** Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсері құзыретті органдардың сәйкес құжаттарымен расталуы тиіс.
- 18.6.** Осы бөлімде көзелген тараптардың жауапкершілігі Шарттың ережелеріне сәйкес өзгертілуі (толықтырылуы) мүмкін.

19. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

- 19.1.** Шарттан немесе оған байланысты туындайтын кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі
- 19.2** Даулар туындаған кезде Тараптар дауды реттеудің сотқа дейінгі мынадай тәртібін сақтауға міндетті:
- дау туындаған жағдайда Тарап екінші Тарапқа жазбаша шағыммен жүгінуге және талапқа жауап алуға міндетті. Егер Тарап шағымда баяндалған талаптарды қанағаттандырудан бас тартса немесе талап алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде шағымға жазбаша жауап бермесе немесе шағымды ішінара немесе толық мойындағанын куәландыратын әрекеттер жасамаса, Тарап сақтандыру омбудсманына дауды шешу туралы өтінішпен жүгінеді. Сақтандыру омбудсманының дауды мәні бойынша шешуі дауды реттеудің сотқа дейінгі кезеңін сақтаудың міндетті кезеңі болып табылады. Бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсменінің шешімін орындау міндетті емес.
 - сақтандыру төлемінің мөлшеріне дауласуға қатысты дау туындаған жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемінің дауланбайтын бөлігін алуға міндетті, содан кейін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген әрекеттерді жасайды.

- 19.3** Келісімге қол жеткізілмеген және дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған кезде тараптар Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (егер дау заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер арасында болса) талап-арызбен жүгінеді, яғни шарттық соттылық белгіленеді.
- 19.4** Осы Сақтандыру ережелері мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды және оған қол қойылды. Мемлекеттік тілде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұны орыс тілінде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұнына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Тараптар орыс тілінде жасалған Осы Ережелер мәтініне сүйенеді.

20. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

- 20.1.** Осы Ережелердің негізінде Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің түрлі жиынтығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін сақтандыру бағдарламаларын дайындауға құқылы.
- 20.2.** Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы Ережелердің негізінде осы Ережелердің жеке шарттарын өзгертуді, алып тастауды көздейтін, сонымен қатар Шартты жасасу кезінде анықталатын қосымша шарттарды көздейтін сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.
- 20.3.** Осы Ережелердегі және Шарттың мәтініне кірмеген жағдайлар тараптар үшін міндетті болып табылады, егер аталған жағдай Шартта тікелей көрсетілсе.
- 20.4.** Осы Ережелерге Шарттың мазмұны сәйкес келмеген жағдайда Шарттың талаптары басым болады.
- 20.5.** Шартты жасасу және орындау кезінде тараптармен алынған, соның ішінде құқықтық қорғауды қолданбайтын ақпарат, сонымен қатар коммерциялық құпия ретінде қарастырылуы мүмкін мәліметтер үшінші тұлғаларға басқа тараптың келісімімен ғана немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ерекше жағдайларда ғана жарияланады.
- 20.6.** Егер Шартта заңнамалық актілермен көзделген жағдаймен салыстырғанда Сақтанушының жағдайын қиындататын ережелер болса Қазақстан Республикасының осы заңнамалық актілерімен белгіленген ережелер әрекет етеді.
- 20.7.** Осы Ережелермен реттелмеген бөлікте Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады.